# Құпия сөзді қалпына келтіру бойынша нұсқаулық

Егер Сіз өз аккаунтыңыздың құпия сөзін ұмытқан болсаңыз, құпия сөзді қалпына келтіру функциясын қолданыңыз. Ол функцияға қолжетімді сілтеме Кіру нысанында **«Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?»** деп аталады.




**Құпия сөзді екі тәсілмен қалпына келтіруге болады:**

**1. e-mail арқылы** (порталда электрондық пошта арқылы тіркелген барлық қолданушылар үшін).

**«Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?»** сілтемесін басқан соң, ашылған терезеде электрондық поштаны енгізіп **«Жіберу»** батырмасын басу қажет.




Содан соң *«Сіз көрсеткен e-mail-ге құпия сөзді қалпына келтіруге арналған қосымша нұсқаулық жіберілді»* деген хабарлама шығады.




Электрондық поштаны тексеру қажет. Поштаға құпия сзді қалпына келтіру туралы хабарлама келеді, сонымен қатар ол хабарламада сілтеме болады. Сол сілтемеге басыңыз немесе көшіріп алып браузердің адрестік жолағына қойыңыз.

Содан соң құпия сөзді қалпына келтіру терезесінде **құпия сөзге қойылатын талаптарға*** сәйкес **«Құпия сөз»** жолында және **«Құпия сөзді қайталау»** жолында жаңа құпия сөзді енгізу қажет. белгісіне басқан кезде енгізілген құпия сөзді көруге болады.

Енгізіп болған соң **«Сақтау»** батырмасына басу қажет.




**2. ұялы телефон нөмірі арқылы** (порталда ұялы телефон нөмірі арқылы тіркелген қолданушылар үшін қолжетімді).

**«Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?»** сілтемесіне басқан соң, ашылған терезеде тіркелген кезде көрсеткен телефон нөмірін енгізу қажет. Содан соң **«Кодты жіберу»** батырмасын басу қажет.



Содан кейін Сіздің телефон нөміріңізге коды бар СМС жіберілгендігі туралы хабарлама шығады.




Сонымен қатар құпия сөзді қалпына келтіру терезесінде **«Растау коды»** жолы пайда болады, кодты енгізіп **«Жіберу»** батырмасын басу қажет.




Содан соң құпия сөзді қалпына келтіру терезесінде **құпия сөзге қойылатын талаптарға*** сәйкес **«Құпия сөз»** жолында және **«Құпия сөзді қайталау»** жолында жаңа құпия сөзді енгізу қажет. белгісіне басқан кезде енгізілген құпия сөзді көруге болады.




Енгізіп болған соң **«Сақтау»** батырмасына басу қажет.

**Құпия сөзге қойылатын талаптар*:** Құпия сөз кем дегенде 8 символдан тұруы қажет. Онда міндетті түрде бас және кіші латын әріптері, сандар, арнайы символдар (%, $, @, &, *, #, ^, !, . және т.б.) болуы шарт. Жаңа құпия сөз соңғы рет енгізілген 6 құпия сөзге ұқсас болмауы тиіс.